

Қазақстан Республикасындағы ақпарат қорғау құралдарын депозитке салу Ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2001 жылғы 22 маусымдағы N 86 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 30 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 1601. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2009 жылғы 9 маусымдағы N 103 бұйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2009.06.09 N 103 бұйрығымен.

Ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын жасау, өндіру, жөндеу, сату пайдалану, сақтау, экспорт пен импортқа байланысты қызметті мемлекеттік реттеу мақсатымен, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасындағы ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын депозитке салу Ережелері қоса берілген бекітілсін.
2. Комитеттің заң басқармасы орнатылған тәртіпте Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркеуді жүргізісін.
3. Бұйрықпен Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік органдарының жеке құрамы қатысына қарай таныстырылсын.

Комитет Төрағасы ҚР ҰҚК
Төрағасының 2001 жылғы 22 маусымдағы
N 86 бұйрығымен БЕКІТІЛДІ

Қазақстан Республикасындағы ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын депозитке салу ЕРЕЖЕЛЕРІ

1. Бұл ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын депозитке салу Ережелері ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын жасау, өндіру, жөндеу, сату, пайдалану, сақтау, экспорт пен импортқа байланысты қызметті мемлекеттік реттеу, республикаға ақпарат қорғаудың сапасыз құралдарының келіп түсуін болдырмау, сонымен қатар Қазақстан Республикасының лицензия заңнамасының сақталуын бақылауды жоғарылату мақсатымен дайындалған.

2. Бұл Ережелер Қазақстан Республикасы шифркілттерін депозитке салу мен генерациялау Орталығымен (ілгеріде депозитке салу Орталығы), ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарының меншік иелері (ілгеріде Иелер) болып табылатын жеке және заңды тұлғалармен (меншік нысандарына қарамастан) орындау үшін міндетті.

3. Бұл Ережелерде келесі арнаулы терминдер қолданылады:
депозитке салу - есепке алу мен сақтауға беру;
ақпаратты криптографиялық қорғау құралдары (ақпаратты қорғаудың криптографиялық құралдары) - криптографиялық кілттерді, оның ішінде сол кілттерді жасау құралдарын қолданатын, ақпараттың мазмұнын жасыру және/немесе аутентификацияны қамтамасыздандыру мақсатымен пайдаланылатын түрлендірудің кез келген құралдары, алгоритмдері мен әдістері;
криптографиялық кілттер - бәрі немесе бір бөлігі құпияда сақталатын ақпараттың мазмұнын жасыру және/немесе аутентификацияны қамтамасыздандыру мақсатымен оны түрлендіру процесінің параметрлері;
деректерді шифрлеу - криптографиялық кілттерді қолданатын, алғашқы деректердің мазмұнын жасыру мақсатымен оларды шифрленгенге түрлендіру процесі;
шифрленген деректерді ашу - криптографиялық кілттерді қолданатын, шифрленген деректерді алғашқыға түрлендіру процесі;
деректерді шифрлеу - деректерді шифрлеу және/немесе шифрлерді ашу;
шифрлеу кілттері - деректерді шифрлеуге қолданылатын криптографиялық кілттер .

4. Депозитке салу және кілттерді генерациялау Орталығы болып Қазақстан Республикасы ҰҚК "Қазарнкәсіпорын" Республикалық мемлекеттік кәсіпорыны табылады .

5. Депозитке салуға ақпаратты тікелей қараудан немесе тыңдаудан (скремблердің, хабарды тығыздаушының, архиваторлардың, мәтіндік сарашылардың және т.б. кейбір түрлері. Мұндай құралдардың тізілімі ақпаратты криптографиялық қорғау құралдары саласындағы лицензия берушімен анықталады) қорғауды қамтамасыздандыратын қарапайым құралдарды шығарып тастағанда, Иелердің меншігі болып табылатын, Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын құрамайтын деректерді шифрлеуге қолданылатын немесе арналған, ақпаратты криптографиялық қорғау құралдары мен олардың шифрлеу кілттері жатады .

6. Ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын депозитке салу Иесімен оларды жасағаннан немесе сатып алғаннан кейін бір ай мерзім ішінде депозитке салу Орталығында есепке алуға қою арқылы жүзеге асырылады.

7. Депозитке салу Орталығында есепке алынбаған ақпаратты қорғаудың криптографиялық құралдарын және шифрлеу кілттерін сату мен пайдалануға тыйым салынады .

8. Депозитке салу мен байланысты орындалған жұмыстар мен қызметтердің төлемі келісім-шарт негізінде Қазақстан Республикасы ҰҚК "Қазарнкәсіпорын" Республикалық мемлекеттік кәсіпорынының тарифтік-сметалық құжаттамасына

с әй к е с

ж ү з е г е

а с ы р ы л а д ы .

9. Бұл Ережелердің талаптарының орындалуын бақылау ақпаратты криптографиялық қорғау құралдары саласындағы лицензия берушіге жүктеледі, о н ы ң :

1) Депозитке салу Орталығымен және ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарының Иелерімен бұл Ережелердің сақталуын тексеру жүргізуге;

2) қорытындылар және жүргізілген тексерулердің нәтижелері бойынша орындалуға міндетті жарлықтар құруға;

3) депозитке салу органы мен ақпаратты қорғаудың криптографиялық құралдары иелерінің арасында пайда болатын таластарды реттеу туралы қ о р ы т ы н д ы ж а с а у ғ а ;

4) бұл Ережелерді және лицензия қызметінің ерекше шарттарын бұзған жағдайда Иенің лицензиясының қызметін тоқтатуға құқығы бар.

2. Депозитке салынатын ақпаратты қорғаудың криптографиялық құралдарын есепке алу

10. Депозитке салынатын ақпаратты қорғаудың криптографиялық құралдарын есепке алу үшін Иесі депозитке салу Орталығына:

1) а р ы з ;

2) паспорт немесе жеке куәлігін, 3 нысанды анықтама (жеке тұлғалар үшін), заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесін (заңды тұлғалар ү ш і н) ;

3) ақпаратты қорғаудың криптографиялық құралдары саласындағы қызметке берілген лицензияның көшірмесін (лицензия болған жағдайда);

4) шифрлеу мен шифрлеу кілттерін жасауда қолданылатын алгоритмдерді, деректерді шифрлеуге және шифрлерді ашуға қажетті және жеткілікті барлық шифрлеу кілттерін, сонымен қатар барлық қосалқы алгоритмдерді, оның ішінде шифрлеудің тіркелмеген кілттерін қолдануды болдырмау рәсімі, кодтау/кодты ашу алгоритмдерін, енгізу/шығару және ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарында жүзеге асырылған, байланыс арналары бойынша деректермен а л м а с у х а т т а м а л а р ы н ;

5) депозитке салынатын ақпаратты криптографиялық қорғаудың құралдарын, сонымен қатар олардың шифрлеу кілттерін жасау құралдарын, олардың толық т е х н и к а л ы қ с и п а т т а м а с ы н ;

6) төлемдік тапсырманы немесе депозитке салынатын ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын есепке қойғанын төлегені туралы к в и т а н ц и я н ы ұ с ы н а д ы .

11. Ұсынылған материалдар ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарында жүзеге асырылған тапсырылған және нақты алгоритмдердің сәйкестігін тексеру үшін жеткілікті ақпаратты қамтуы, бұл құралдармен

қорғалатын деректерді шифрлеу кілттерін білген жағдайда шифрлеу және шифірін ашу мүмкіндігін қамтамасыздандыруы қажет.

12. Иенің тапсырысы бойынша ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын тексеру олардың орнатылған орнында өткізілуі мүмкін, ол қызмет үшін қосымша төлем алынады.

13. Ұйымдастырушылық және техникалық шаралармен шифрлеу құралдары депозитке салу Орталығында есепке алынбаған шифрлеу кілттерін 0,999999 кем емес мүмкіндікпен жарамсыз деп табуы қажет. Бұл шарт орындалмаған жағдайда тіркеуге ұсынылған шифрлеу құралдарында қолданылатын барлық шифрлеу кілттері депозитке салу Орталығында жеке келісім-шарт негізінде жасалуға тиіс.

14. Депозитке салу Орталығы барлық қажетті материалдар мен ақпаратты криптографиялық қорғау құралдары ұсынылғаннан кейін екі ай ішінде бұл құралдарда жүзеге асырылған тапсырыс берілген және нақты алгоритмдердің сәйкестігін, оның ішінде байланыс арналарымен тасымалданатын деректер бойынша, тіркелмеген шифрлеу кілттерін қолданудан қорғаудың беріктігін тексереді. Тексерудің нәтижелері дұрыс болған жағдайда бұл құралдар есептік нөмір берілуімен есепке алынады. Ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарының бірдей партиясын тексеру бойынша жұмыстардың төлемі құралдардың күрделілігі мен партияның көлеміне байланысты. Тексеру аяқталғаннан кейін ақпаратты криптографиялық қорғау құралдары иесіне қайтарылады.

15. Бұрын депозитке салынған ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын сатқан жағдайда олардың бұрынғы және жаңа Иелері ол туралы депозитке салу Орталығын хабардар етуі, бұл Ережелердің 10 пунктінде көрсетілген құжаттарды тапсыруы тиіс. Арызда бұрын депозитке салынған құралдардың есептік нөмірі көрсетіледі.

16. Жаңа шифрлеу кілттерін есепке қою үшін Иесі депозитке салу Орталығына шифрлеу құралдарының есептік нөмірлері, шифрлеу кілттерінің әрекет ету кезеңі көрсетілген арыз тапсырады, егер олар депозитке салу Орталығында жасалмаған болса, кілттердің өзі мен төлем туралы квитанцияны тапсырады.

17. Егер шифрлеу кілттері депозитке салу Орталығында жасалатын болса, жасалғаны үшін ғана төлем төленеді, ал оларды есепке қоюға төлем төленбейді. Жасалған шифрлеу кілттерінің көшірмелері депозитке салу Орталығында сақталады.

18. Депозитке салу Орталығында шифрлеу кілттерін ұзақ уақыт негізінде жасау жеке келісім-шарт ретінде ресімделеді.

3. Депозитке салынған ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын сақтау мен қолдану

19. Депозитке салу Орталығы депозитке салынатын ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын және шифрлеу кілттерін Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын құрайтын және "құпия" белгісі бар мәліметтерге арналған әрекеттегі заңнамасымен бекітілгенге ұқсас тәртіпте сақтауды қамтамасыздандырады.

20. Қазақстан Республикасының сот және тергеу органдарының ресми қаулылары бойынша депозитке салу Орталығы өзінде бар мәліметтерді қолдана отырып бастапқы деректерді шифрлеу, шифрленген деректердің шифірін ашу және бастапқы мен шифрленген деректердің сәйкестігін тексеруді жүргізеді.

21. Сот немесе тергеу органының қаулысында бастапқы және/немесе шифрленген деректер, ақпаратты криптографиялық қорғау құралдары мен оның Иесі, сонымен қатар бұл құралдың қолдану уақыты туралы мәліметтер қамтылуы қ а ж е т .

22. Депозитке салынған ақпаратты криптографиялық қорғау құралдары мен шифрлеу кілттерін үшінші тұлғаға беру тек Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген тәртіпте ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

4. Ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарының криптографиялық беріктігін бағалау

23. Депозитке салу Орталығы депозитке салынатын ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарының криптографиялық беріктігін бағалауды жеке келісім-шарт негізінде жүргізеді. Сонымен бірге депозитке салу Орталығы барлық қажетті құжаттар ұсынылғаннан кейін тапсырылған ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарында жүзеге асырылған тапсырыс берілген және нақты алгоритмдердің сәйкестігін тексереді, тексерудің нәтижелері дұрыс болса осы ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын бағалайды және олардың криптографиялық беріктігі туралы қорытынды береді.

24. Ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын зерттелетін құралдардың партиясынан біреуін бөлшектемей зерттеу мүмкін болмаған жағдайда Иесін ол туралы хабардар етеді. Иесінің келісімі бойынша бөлшектенгеннен кейін құралдың зерттелетін данасын қалпына келтірілмейтін болса, онда оның құны төленбейді. 25. Депозитке салу Орталығы келісім-шарт негізінде ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын потенциалды қолданушыларға осындай құралдарды таңдау бойынша қосымша кеңес береді.